

ӘОЖ 339.13:330.322

Т.И. Какижанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: kakizhanova@gmail.com

Атырау облысының инвестициялық жобалар нарығын талдау

Бұл мақалада Атырау облысындағы инвестициялық жобалар нарығының дамуы зерттелген, инвестициялық жобалар нарығының жалпы сипаттамалары берілген және инвестициялық жобалардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері көрсетілген. Атырау облысындағы инвестиция көлемі әсер ететін экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер анықталған. Инвестицияның әлеуметтік-экономикалық әсерін анықтау және талдау үшін корреляция коэффициенттері есептелді. Олардың негізінде Атырау облысындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзара тәуелділігі табылды. Аталған аймақтың дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері болашақта жақсару бағытында болатыны анықталған. Осы мақсатта бұл аймақта өзімен шетел инвестицияның ірі көлемін әкеліп қана қоймай, сонымен қатар жалпы тұтас республиканың аймақтық экономикасының қажетті іргелес салаларын дамытуға әкелетін ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы қарастырылған.

Түйін сөздер: инвестициялық жобалар нарығы, инвестициялық жобалар нарығының қатысушылары, инвестициялық климат, инвестициялық әлеует.

Т.И. Какижанова

Анализ рынка инвестиционных проектов Атырауской области

В данной статье исследовано развитие рынка инвестиционных проектов, дана общая характеристика рынка инвестиционных проектов Атырауской области выявлено влияние инвестиционных проектов на социально-экономическое развитие региона. Были определены экономические и социальные показатели, на которые влияет объем инвестиций в Атырауской области. Для выявления и анализа социально-экономического эффекта инвестиций были рассчитаны коэффициенты корреляции, на основе которых определены теснота взаимосвязи статистических данных и взаимозависимость экономических и социальных показателей, характеризующие уровень социально-экономического развития Атырауского региона. Выявлено, что основные социально-экономические показатели развития данного региона имеют тенденцию к улучшению в будущем. Для этого в данном регионе предусматривается реализация крупных инвестиционных проектов, которые повлекут за собой не только приток большого объема иностранных инвестиций, но и развитие необходимых смежных областей региональных экономик всей республики в целом.

Ключевые слова: рынок инвестиционных проектов, участники рынка инвестиционных проектов, инвестиционный климат, инвестиционный потенциал.

Т.И. Kakizhanova

Analysis of investment projects market in Atyrau region

In this paper we did a research on the development of investment projects market, showed the general characteristics of investment projects in Atyrau region and identified the effect of investment projects on the socio-economic development of the region. We also identified the economic and social indicators, which are affected by the volume of investment in Atyrau region. To determine and analyze the socio-economic impact of investments, we calculated the correlation coefficients, on the basis of which we identified the interrelation of statistics and interdependence of economic and social indicators, characterizing the socio-economic development of the Atyrau region. As a result, we identified that the main socio-economic indicators of the region tend to improve in the future. This conclusion is based on the fact that this region expects the implementation of big investment projects, which will entail not only the influx of a large amount of foreign investment, but also the development of the essential related areas of regional economies across the country as a whole.

Key words: investment projects market, members of investment projects market, investment climate, investment potential.

Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасадық. Біздің моделіміз шетелдік инвестицияларды тартудағы мемлекеттің белсенді рөліне негізделген. Біз елімізге 160 млрд. доллардан астам шетел инвестициясын тарттық» [1] деп қоғамның дамуының негізгі басымдылықтарының бірі экономикалық өсудің инвестицияның жоғары деңгейіне негізделетінін атап көрсетті.

Шындығында тәуелсіз Қазақстанның экономикасының даму жағдайына әсер ететін қуатты экономикалық және қаржылық құрал инвестиция болып табылады. Шетел сарапшыларының пікірінше, артықшылығы өзінің бай табиғи ресурстары болатын, Қазақстан тартымды нарық болып табылады. Қазақстан ұлттық экономикасының халық өмірінің бар саласында аз немесе көп дәрежеде инвестицияның ықпалын байқауға болады.

Дамудың қазіргі кезеңінде экономикасының тез өсуінің шешуші шарты елдің түрлі өндіріс салалары мен аймақтарындағы инвестицияның қалыптасуы мен өсуі болып табылады, демек инвестициялық жобалар нарығына мемлекеттің көңіл бөлуінің күшейтілуін білдіреді. Ол қаржылық көзқарас жағынан тартымдырақ жобаларға өзінің қаржысын салуға мүмкіндігі бар, инвесторлар мен нақты жобаларды жүзеге асыруды ұсынатын, инвестициялық жобалардың инициаторлары кездесетін, экономикалық ресурстардың айырбас саласын көрсетеді [2].

Инвестициялық жобалар нарығының негізгі қатысушылары:

- мемлекет;
- саяси партиялар мен ұйымдар;
- муниципалды білім беру;
- жобаның инициаторлары;
- инвесторлар;
- капиталдық салымдардың объектілерін пайдаланушылар;
- инвестициялық операциялар делдалдары (сақтандыру компаниялары, коммерциялық банктер, инвестициялық компаниялар) [3].

Аталған нарықта елдің инвестициялық қызмет саласында мемлекеттің алатын орны

ерекше. Мемлекет аймақ деңгейінде нақты инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын реттеу, бағалау, таңдау және бақылау құқықтарына ие. Қазіргі жағдайда экономикалық өсуді ынталандыруда мемлекеттік және муниципалды инвестициялардың маңызын күшейту өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

Мұнай орындарын игеру бүкіл республикамен қатар, Атырау облысының экономикалық әлеуетінің көтерілуіне, әлеуметтік, мәдени салалар және инфрақұрылымның дамуына, сонымен қатар жаңа индустриалдық аймақтың құрылуына әкелді. Қазақстан әлемдегі ірі мұнай өндіруші мемлекеттердің қатарына кірді. Көмірсутектердің ауқымды көлемі Атырау облысын Қазақстанның динамикалық дамуын байланыстыратын, республиканың басты шикізат аймақтарының бірі ретінде мамандандырылуын айқындайды.

Шетел инвестициялық компанияларының келуінің әсері аймақ экономикасындағы, әсіресе мұнай өндіру өнеркәсібінде, аймақ дамуындағы инвестицияның өсуі түрінде байқалады. Әсіресе инфрақұрылымның мұнай мен газды тасымалдау үшін белсенді дамуына инвестиция айрықша әсер етті.

Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша инвестициялық құрылымында шетел инвестициясының көп үлес салмағын, 2012 жылмен салыстырғанда 7,52% азайса да, Атырау мұнай аймағының инвестиция көлемі (63,88%) құрайды (1-кесте).

Қазіргі таңда Атырау аймағы инвестицияны тарту көлемі бойынша республикада сөзсіз көшбасшы болып табылады, яғни статистика агенттігінің деректері бойынша 2013 жылынегізгі капитал инвестициясы Атырау облысында 1 037 614 262 мың теңге болып, жалпы республикалықтың 17,1%-ын, ал шетел инвестициялары бойынша 38,50%-ын құрады.

Мемлекет басшысының Жолдауын аймақ белсенділерінің отырысындағы талдау барысында «Қазір Атырау облысында 1,4 млрд. теңгені құрайтын 35 инвестициялық жоба жүзеге асуда. Осы жылы құны 17,7 млрд. теңге болатын жобаны бастау жоспарланып отыр. Өткен жылы құны 10,6 млрд.теңгені құрайтын 7 жоба іске қосылды» деп хабарлады Атырау облысының әкімі Бақтықожа Измұхамбетов [4].

2014 жылы 976 жұмыс орнын құратын 5 жобаны іске қосу жоспарланып отыр:

1-кесте – Негізгі капиталға шетел инвестициясы (Қазақстан және Атырау облысы бойынша) 2012-2013

Негізгі капиталға шетел инвестициясы								
	Барлығы (млн.теңге)		2012/12-мен салыстырғанда өсуі		Инвестиция үлесі (%)		ҚР-дағы үлесі (%)	
	2013/12	2012/12	%	млн.теңге	2013/12	2012/12	2013/12	2012/12
Қазақстан	668 700	744 720	92,48	-56 020	11,38	13,65	100	100
Атырау	399 479	475 737	83,97	-76 258	38,50	46,09	58	63,88

Ескерту: ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері бойынша құрылған [www.stat.kz]

- «Ескене» вагон сервисінің орталығы (ЖШС «ЦВС-Ескене»);

- сүт және сүттің бұйымының шығаратын сүт-тауарлық ферма (ЖШС «СП Первомайский»);

- үй құрылыс комбинаты (ЖШС «Батыс Альянс Строй»);

- тауар-бекіре фермасы (ЖШС «Caspian Royal Fish»);

- «Бай-Кола» шырындарын өндіретін зауыт (ЖШС «SP EuroSalda»).

Қазіргі кезде аймақта жүзеге асырылып жатқан оншақты жобалар ішінде АӨК саласында өндірістерді құру ерекше қатарда орын алған.


Қазақстанның инвестициялық жобаларының жүзеге асырылуын зерттеу барысында инвесторлар тұрақты сұранысқа ие бәсеке қабілетті және өтімді өнімдерді өндіретін, тез өтімді және табысты салаларға қаржы салуды қалайтынын байқауға болады. Атырау облысы қызығушылық көрсетуші шетел инвесторлары үшін өте тартымды. Аймақ әлемнің 50-ден астам елімен

түрлі салаларда біріге отырып қызмет істейді. Облыста 900-ден астам компания шетелдік капиталдың қатысуымен жұмыс істейді. Ол 160 мыңдаған жұмыс орны. Олардан алдыңғы жылда 1 триллион 700 миллиард салық түсті [4].

Инвестициялық жобалар нарығының басты үлесін фармацевтика, химия өнеркәсібі, ауыр машина жасау және АӨК өндірісінің аумақты спекторы құрайды. Көмірсутегі шикізаттарын қайта өңдеу бойынша өндірістерді құру жоспарлануда.

Химиялық өнеркәсіп пен қара металлургия жағынан басымдылық көрсететін өнеркәсіптік жобалар инвестициялық жобаның негізгі үлесін (76,6%) құрайды. 10,4% жуығы ауыл шаруашылығы бағытындағы жобалар болып табылады. 7,8% құрылысқа және 5,2% жоба экономиканың басқа салаларына сәйкес келеді (1-сурет).

Аймақтың негізгі міндеттерінің бірі – ғылыми негізделген экономиканы құру және агро-



1-сурет – Атырау облысы бойынша инвестициялық жоба нарығындағы экономикалық салалар бойынша ұсыныстар құрылымы

өнеркәсіптік кешенге иновацияны енгізу, денсаулық сақтау және білім беру саласын дамыту, жаңа жолдарды салуды жалғастыру, әлеуметтік саланы жаңарту. Аймақ мұнай мен газға бай болғандықтан, мұнай-химиялық өнімдер мен құрылыс материалдарына көп көңіл бөлінуде. Құрылыс материалдарының жартысынан көбі сырттан әкелінеді. Облыста индустриалды өңір құру негізгі бағыт болғандықтан, жаңа технологияларды қолдану арқылы жүзеге асыратын ғана жобалар ғана орын алу керек.

Аймақ территориясында ірі шетел компаниялары табысты еңбек етуде: «Shevron» (АҚШ), «Shell» (Голландия), «ExxonMobil» (АҚШ), «ConocoPhillips» (АҚШ), «Eni» (Италия), «Total» (Франция), «Repsol YPF» (Испания), «Imprex» (Жапония), «Mittal Investments» (Үндістан), «Роснефть» (Ресей), «Лукойл» (Ресей). Сонымен қатар еліміздегі «Тенгизшевройл», «ҚазМұнайГаз», «KEGOK» және тағы осы сияқты ірі компаниялардың қатысуымен маңызды инвестициялық жобалар іске асырылуда.

Шетелдік мұнай компанияларының инвестициялық жобалар нарығына келуі аймаққа келесідей өзгерістер әкелді:

- аймақтардың ЖАӨ-нің елеулі артуы;
- миграциялық ағымдардың өсуі;
- еңбек мигранттарының артуы мен аймақ тұрғындарының санының өзгеруі;
- мұнай өндіруші салалар үшін өндірістік инфрақұрылымның дамуы;
- мұнай өндіруші салалардағы жалақының өсуі, оның салдарынан азық-түлік пен киім бағаларының деңгейінің артуы, сонымен қатар басқа аймақтармен салыстырғанда жоғары өмір сүру минимумы орын алды;
- салалар бойынша еңбекақының дифференциациясының өсуі (өндірісте еңбекақының жоғары, ал ауыл шаруашылығы, білім беру, денсаулық сақтау салаларында төмен еңбекақы қойылымы);

- аймақтың экологиялық жағдайының өзгерісі мен адамның өмір сүру ортасына әсері.

Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерге инвестицияның әсерін анықтауға тоқталу үшін жұптық сызықты корреляция коэффициенттер анықталды. Демек, негізгі капиталға инвестиция мен халықтың орташа табысы, жұмыссыздық деңгейі, жан басына шаққандағы ЖҰӨ бойынша 2000 жыл-

дан 2013 жылға дейінгі тоқсандық деректер жиналды. Корреляциялық матрицаны талдау нәтижесінде Атырау облысында инвестиция мен халықтың орташа табысы көрсеткіштерінің арасындағы корреляция коэффициенті 0,9166 ге тең, инвестиция мен жұмыссыздық деңгейі арасында -0,9360, ал инвестиция мен жан басына шаққандағы ЖҰӨ арасында 0,9236. «-» таңбасы қарастырып отырған белгілер арасында оң байланыс, «+» белгі теріс байланыс бар екендігін көрсетеді. Есептелген коэффициенттерді талдау нәтижесінде инвестиция халықтың орташа табысы мен жан басына шаққандағы ЖҰӨ-мен оң тығыз, ал жұмыссыздық деңгейімен теріс тығыз байланыста екенін көруге болады. Себебі, аталған аймаққа ең көп инвестицияның тартылуына қарамастан жұмыссыздық деңгейі өте жоғары болуда. Аталған аймақтың дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері болашақта жақсару бағытында болатыны анықталған. Осы мақсатта бұл аймақта өзімен шетел инвестицияның ірі көлемін әкеліп қана қоймай, сонымен қатар жалпы тұтас республиканың аймақтық экономикасының қажетті іргелес салаларын дамытуға әкелетін ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы қарастырылған.

Атырау аймағындағы инвестициялық саясаттың мақсаты тиімді инвестициялық саясатты жүргізу. Осы мақсатқа жету барысында аймаққа инвестициялар, алдыңғы қатардағы технология және адам ресурстарын тарту үшін жағымды жағдайлар жасау.

Атырау аймағына инвестиция тарту үшін облыста бірнеше шаралар іске асырылуда. Қазақстан Республикасының батыс аймақтарында инвестициялық климат деңгейін арттыруға сеп болу мақсатында 2014 жылы 3 ақпанда Атырау қаласында «Сарапшы-Батыс Қазақстан» атты I аймақтық инвестиция-экономикалық форум өтті. Осы жылы форум жұмысына әлемнің 15 елінен жүзден аса компаниялардан 600 делегат қатысты. Форумның қорытындысы бойынша жасыл экономика, АӨК және машина жасау салаларында 19 млрд. теңгеден астам соманы құрайтын өзара пайдалы ынтымақтастық жайлы 15 меморандумға қол қойылды.

Экономикаға инвестицияны тартуда ұлттық холдингтер мен елдің даму институттарының ат салысуымен, инвестормен тікелей қарым-

қатынас пен іскерлік ортаны құруға бағытталған, инвестициялық имиджді арттыру бойынша өткізілетін бизнес-форум сияқты іс-шара маңызды рөл атқарады.

Демек, Атырау облысындағы инвестициялық процесс экономикалық өсуге жетудің маңызды шарты болып табылады. Қазіргі кезде ең ірі инвестор-мемлекет негізгі ірі өндіріс пен инфраструктураны дамытуға қаржы салуды жалғастыра береді. Оны ең бірінші күшті инвестициялық потенциалды және әлеуметтік-экономикалық дамуды жоғары сапалы басқарылатын аймақтар қызықтырады. Жеке инвестор ең алдымен сенімді құқықтық кепілді инвестициялық қызмет пен тұрақты жағымды инвестициялық климатты қарастырады.

Жалпы Атырау аймағының инвестициялық нарығы инвесторлар үшін тартымды, бірақ олардың келуін тежейтіндей бюрократикалық іс-әрекет, қаржылық тәуекелдер, салық заңдылықтары мен әкімшілік кемшіліктер, сақтандыру, кепілдер саласындағы жеткілікті дамымаған құқықтық инфрақұрылым басты бөгет болып табылады. Бірақ ірі нарықтық потенциалға тән, табиғи және еңбек ресурстарына бай аймақ көп пайда алғысы келетін, яғни инвестицияның потенциалды табыстылығы маңызды фактор болып табылатын шетел инвесторлары үшін Атырау облысы тартымды, да тиімді инвестициялық жобалар нарығы болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 14 қаңтар 2012 ж.
- 2 Сычева И.В. Управление инвестициями в регионе. – Тула: «Левша», 1996. 244 с.
- 3 Лимитовский М.А. Инвестиционные проекты и реальные опционы на развивающихся рынках. – М.: Юрайт, 2011.
- 4 В Атырауской области реализуется 35 инвестиционных проектов на 1,4 трлн. тенге. 21 января, 2014, <http://www.zakon.kz/4597810-v-atyrauskojj-oblasti-realizuetsja-35.html>
- 5 www.stat.kz
- 6 www.atyrau.stat.kz/
- 7 atyrau.gov.kz/ru/

References

- 1 "Kazakhstan-2050" strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty "Kazakhstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyyn Kazakhstan halkyna zholdauy. 14 kangtar, 2012 j.
- 2 Sycheva I.V.Upravlenie investitsiyami v regione. / Tula: "Lefsha", 1996. 244 s.
- 3 "Limitovski M.A.Investitsionnye proektyi realnye opsiiony na razvivayuschihnya rynkah – M. Yurait, 2011.
- 4 V Atyrauskoi oblasti realizuetsya 35 investicionnyh proektov na 1,4 trln. tenge. 21 yanvary, 2014, <http://www.zakon.kz/4597810-v-atyrauskojj-oblasti-realizuetsja-35.html>
- 5 www.stat.kz
- 6 www.atyrau.stat.kz/
- 7 atyrau.gov.kz/ru/